

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2024 – 2025 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы : Қарабұлақ ауылшының негізгі орта мектебінің «Балбөбек» шағын  
орталығы**

**Топ: Ортаңғы топ**

**Балалардың жасы: 3 жастағы балалар**

**Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2024 жыл**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Дене шынықтыру</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа арналған жаттығулар қолдарын жоғарыға және жанына көтеру, бір қолындағы затты алдына әкеліп, екінші қолына ауыстыру; қолдарын шапалақтау. Допты бір-біріне беру, аяқты өзіне қарай тарту, қалаш тәрізді дөңгелету, отырған, жатқан қалыпта екі аяқты созу, түрегеліп түрған қалыптан солға, оңға, алға қарай еңкею. Отырып, аяқтың ішкі қырымен құм салынған қапшықты алу, екі аяғымен секіру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру Екі аяктап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшак ұстаған қалпында допты домалату Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу Тепе-тендікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру Сапқа бір-бірден тұру.</p> <p><b>Кимылды ойындар</b> Кимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге үйрету.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</b> Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалau дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуынду кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртууді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды</p>

	<p>жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</b> Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішү құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p> <p><b>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.</b> Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтүге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b> дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуді;</p> <p><b>Сөздік қор:</b> оыйн мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> суреттерді, заттарды қарастыруды, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу;</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	Оқу, әңгімелеген барысында ертегілердің мазмұнын түсінуге, тындауга, бейнелі сөздерді есте сактауға үйрету
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Күнделікті еркін ойында балалардың ересектермен және күрдастарымен қарым-қатынас жасаудың жағдай жасау.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алушы, естуді дамыту</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары ментабиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін менгерту</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан.</b> Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету</p> <p><b>Шама.</b> ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> геометриялық пішіндерді тану және атау</p>

	<p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.</p>
<b>Құрастыру</b>	Құрылым материалдарынан әртүрлі түстегі және пішіндеңігі бөлшектерден қарапайым құрылыштар құрастыру;
<b>Сурет салу</b>	Көкөністер мен жемістердің суретін салу Күмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
<b>Мүсіндеу</b>	Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-тұлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;
<b>Жапсыру</b>	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету Бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тындау</b> турлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; <b>Ән айту.</b> Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> бірінің артынан бірі жүргу барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру;</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балаларды музыкалық аспап қоңыраумен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын менгеруге ықпал ету</p>
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету</p> <p><b>Заттық әлем.</b> Заттардың айырмашылықтары мен атауларын атау дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Көлік, байланыс құралдары.</b> Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b> Мүмкіндіктеріне қарай күтүшіге, аула сыпырушуға көмек көрсетуді үйімдастыру.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Балалар тұратын қала мен ауыл туралы білімдерін қалыптастыру</p> <p>Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.</p> <p>Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуда үйрету).</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау,</p>

өсімдік бөліктерін тану.

**Жануарлар әлемі.**

Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру.

**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**

Ауа-райының жағдайын анықтау (сүйк, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.

**Табиғатта қауіпсіз мінезд-құлық ережелерін сақтау**  
қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2024– 2025 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру үйімі : Қарабұлақ ауылдың негізгі орта мектебінің «Балбөбек» шағын  
орталығы Топ: Ортанғы топ**

**Балалардың жасы: 3 жастағы балалар**

**Жоспардың күрылу кезеңі: Қазан айы 2024 жыл**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Дене шынықтыру</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Көзben бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындаға үйрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа арналған жаттығулар- қолдарын жоғарыға және жаңына көтеру, бір қолындағы затты алдына әкеліп, екінші қолына ауыстыру; қолдарын шапалақтау. Допты бір-біріне беру, аяқты өзіне қарай тарту, доға тәрізді дөңгелектеп иу, Отырған, жатқан қалыпта екі аяқты созу, түрекеліп тұрған қалыптан солға, онға, алға қарай еңкею. Отырып, аяқтың ішкі қырымен құм салынған қапшықты алу, екі аяғымен секіру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүргүру және жүргіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүргүру, тізені жоғары көтеріп жүргүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгерту қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру.</p> <p>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүргіру дағдыларын қалыптастыру: Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгерту, шенбер бойлап жүргіру.</p> <p>Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру, тұрған жерінен ұзындыққа секіру.</p> <p>Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру.</p> <p>Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу, арасы алшақтанған заттар арасымен, еденге қойылған тақта бетімен еңбектеу. Тепе-тәндікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүргүру, еңгіс тақта бойымен (20-30 см) жүргүру дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Сапқа бір-бірден тұру. шенберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша).</p> <p><b>Қимылды ойындар</b> Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге үйрету.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</b> Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.</p>

	<p>Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртууді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлышты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p><b>Озіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</b></p> <p>Озіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p> <p><b>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.</b></p> <p>Сезім мушелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтүге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b></p> <p>дауысты (а, ә, е, о, ү) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу; дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту</p> <p><b>Сөздік кор:</b></p> <p>Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;</p> <p>жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыру (оыйнышықтар, киімдер, аяқкиімдер, ыдыстар, жиназдар).</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <p>сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <p>суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуді;</p> <p>шагын тақпактар мен өлеңдерді жаттау мен ересектердің сөзін тыңдау және түсіну дағдыларын дамыту</p>
Көркем әдебиет	<p>Оқу, әңгімелу</p> <p>Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету. Тақпактарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуда дағдыландыру;</p> <p>Кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу.</p>
Қазақ тілі	<p><b>Тілдік дамытуши орта.</b></p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуде</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту</p> <p><b>Сөздік кор.</b></p> <p>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары ментабиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету</p>

	<b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ауызекі сейлеудің қарапайым түрлерін менгерту, балалардың өздеріне атылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру
<b>Математика негіздері</b>	<b>Сан.</b> "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жок" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. <b>Шама.</b> ұзындығы мен ені бойынша , биіктігі мен қалындығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; <b>Геометриялық пішіндер</b> геометриялық пішіндерді тану және атап <b>Кеңістікте бағдарлау</b> өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан он жаққа қарай орналастыру. өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атап. <b>Ұақытты бағдарлау.</b> тәулік бөліктерін тану және атап - таңертен, күндіз, кеш, түн.
<b>Құрастыру</b>	Құрылым материалдарынан құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденен орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылым материалдарынан, ұлғі бойынша және ойдан құрастыру
<b>Сурет салу</b>	Көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, бірнеше көлденен және тік сзызықтардан заттар салуды (дуал) үйрету Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойынан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сактауға, ұқыптылыққа баулу.
<b>Мүсіндеу</b>	Сазбалышқ, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біркітіру білігін жетілдіру.
<b>Жапсыру</b>	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау Желімдеудің техникасы; желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу, ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуін қалыптастыру;
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау</b> Тұрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды үйрету; ересектердің орындаудағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдауды дамыту. <b>Ән айту.</b> Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуды жетілдіру. Ән айтуда дағдыларын дамытуға ықпал ету <b>Музыкалық-ыргақтық қозғалыстар.</b> Бірінің артынан бірі жүргу барысында би ыргағын, музыканың би сипатын игеру; әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; <b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балаларды музыкалық аспап сылдырмақпен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ыргақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын менгеруге ықпал ету.

<p><b>Коршаган ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b>          Эртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету  <b>Заттық әлем.</b>          Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру  <b>Көлік, байланыс құралдары.</b>          Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру  <b>Еңбекке баулу.</b>          Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сызыруышақомек көрсетуді үйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауга тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.  <b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b>          Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту  <b>Менің Отаным – Қазақстан.</b>          Еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Балалар тұратын қала мен ауыл туралы білімдерін қалыптастыруды пысықтау.          Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.  <b>Осімдіктер әлемі.</b>          Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, осімдік бөліктерін тану.</p>
	<p><b>Жануарлар әлемі.</b>          Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.          Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыруды жетілдіру.  <b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</b>          Ая-райының жағдайын анықтау (сұық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ая-райының жай-күйін белгілеуді игерту.  <b>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау</b>          қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау, санырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу дағдыларын қалыптастыру</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2024 – 2025 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : Қарабұлақ ауылының негізгі орта мектебінің «Балбебек» шағын орталығы  
Топ/сынып: Ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Дене тәрбиесі</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b> Доптарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан Жоғары көтеру; қолдарына лдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-онға) бұрылу; аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Әр түрлі бағытта: тұра, шенбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру арқан бойымен жүру, тұра жолмен жүру Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, аланың бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тұра, шенбер бойымен жүгіру. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату еденге қойылған тақтай бойымен, арқаның, дөғаның астымен (білдігі 40 см антиметр) еңбектеу құрсаудан құрсауға, заттардың анықтамаларынан зерттегінде арасымен секіру, 15–20 сантиметр білдікten секіру Бірнің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жаңына сапқатұру</p> <p><b>Қимылды ойындар</b> Кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үрету</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</b> Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қаралайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін ақылауға үрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; наанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p><b>Өзіне-өзіңізмет көрсету дағдылары.</b> Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі ол қылыштарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішү құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p>

	<p><b>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.</b>  Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмаяға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы үсініктер беру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b>  Серуенде қимылды ойындармен дene жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Дауысты(а,ә,е,о,ұ)және кейбір дауыссыз(п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з)дыбыстарды анық айтуда, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту</p> <p><b>Сөздік қор.</b>  Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы көнегіту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы(оыйнышықтар, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>  Зат есімдерді ұстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруді дамыту.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айтуды, балалардың пікірлерін тыңдауды жетілдіру.</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытуши орта.</b>  Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әнгімелесуге баулу</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту</p> <p><b>Сөздік қор.</b>  Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөле», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айтуда және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>  Бүйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әнгімелесе білуге баулу.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан.</b>  Коршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу</p> <p><b>Шама.</b>  Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыруды.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b>  Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыруды, ұстасу және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b>  Өзінің дene мүшелерін бағдарлауда және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды: ұстінде-астында үйрету</p> <p><b>Ұақытты бағдарлау.</b>  Қарама-қарсы тәулік белгітерін бағдарлауды дамыту: күндіз-</p>

	түнде,таңертең-кешке.
<b>Құрастыру</b>	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлері мен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылым бөлшектерін: текшелер, кірпіштер ажыратада білуге үйрету. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
<b>Сурет салу</b>	Көлденең және тік сзықтарды салу, олардың қылышын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар, заттарды бейнелеуді Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
<b>Мүсіндеу</b>	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жау тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуді (ыдыстар, ойыншықтар) үйрету. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
<b>Жапсыру</b>	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруды үйрету.
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау</b> Музыкалық шығарманы сонына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p><b>Ән айту.</b> Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре(ми)—ля(си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды үйрету</p> <p><b>Музыкалық-ырғактық қозғалыстар.</b> Музыкамен жүрумен жүгіруді ырғакты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүргүре үйрету.</p> <p>Музыканың басталуымен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау дағдысын дамыту</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балаларды музыкалық аспап сыйбызымен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғакпен қағып ойнаудың арапайым дағдыларын менгеруге ықпал ету.</p>
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалаудың дамыту</p> <p><b>Заттық әлем.</b> заттардың сапаларымен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру</p> <p><b>Көлік, байланыс қуралдары.</b> Ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b> Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аудару</p> <p><b>Менің Отаным—Қазақстан.</b></p>

	<p>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды менгеруіне ықпал ету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b></p> <p>Тұған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру</p> <p><b>Жануарларәлемі.</b></p> <p>Үй жануарларымен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</b></p> <p>Ауа- райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-куйін белгілеу.</p> <p><b>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау</b></p> <p>топта (терезенің алдын ашықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстай) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру</p>
--	--

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2024– 2025 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : Қарабұлақ ауылының негізгі орта мектебінің «Балбөбек» шағын орталығы Топ: Ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Дене тәрбиесі</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b> қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Солға, онға бұрылу (отырған қалыпта);аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> әртүрлі бағытта:«жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындаі отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен тепе теңдік сақтап жүру. қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. допты кеуде тұсынан лақтыру, он және сол қолмен тік нысанага (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру 4-6 метр қашықтыққа тұра бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру</p> <p><b>Кимылды ойындар</b> Кеңістікті бағдарлауга, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Шанамен сырғанай. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес тәбеден сырғанай.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</b> Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлыш дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынганинан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</b> Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі</p>

	<p>реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішү құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p> <p><b>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.</b> Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сактауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> дыбыстарды анық айтуда, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқының өзгерту қабілетін дамыту</p> <p><b>Сөздік қор.</b> заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> зат есімдерді, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> мультифильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	Өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуда үйрету.
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасаудына жағдай жасауды: сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөле», «ага», «апа», «іні», «қарында») айтуда және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпші түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сактап, әңгімелесе білуге баулу.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан.</b> қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беруін қалыптастыру</p> <p><b>Шама.</b> Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруды шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпышамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдеріарқылы салыстыруды үйрету</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстай және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b></p>

	<p>Өзінің дene мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстырып, бағыттарын анықтауды: үстінде-астында менгерту <b>Уақытты бағдарлау.</b> Қarama-қарсы тәулік беліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертен-кешке.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылымын бөлшектерін: цилиндрлер, ушбұрыштар, призмаларды ажыратып, қолдануға үйрету. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауга, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауга, ұқыптылыққа баулу.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеуді. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, кара, ақ негізгі түстер менолардың реңтерін (қызыл, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауга, ұқыптылыққа баулу.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауга, ұқыпты болуға баулу.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлышты қолдануды үйрету. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету.</p>
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау</b> Музыкалық ойыншылар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон) дыбысталуын ажыратып, білуді жетілдіру. <b>Ән айту.</b> Сөздерді анық айтуда, әннің сипаттын жеткізу (көнілді, созып, ойнақы айтуда). <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастауды және аяқтауды пысықтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипаттына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды менгерту. <b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Музыкалық аспап металлафонмен таныстыруды, оның дыбысталуымен таныстыруды. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>
<b>Коршаган ортамен таныстыру</b>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> Ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. <b>Заттық әлем.</b> Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыруды, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыруды. <b>Көлік, байланыс құралдары.</b> Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыруды. <b>Еңбекке баулу.</b> Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойынәрекетінен ынталандыруды.</p>

**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**

Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аудару

**Менің Отаным – Қазақстан.**

Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.

**Өсімдіктер әлемі.**

Тұған өлкениң кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру

**Жануарлар әлемі.**

Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.  
Қазақстанның мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.

**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**

Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді үйрету.

**Табиғатта қауіпсіз мінезд-құлық ережелерін сактау**

серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2024 – 2025 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : Қарабұлақ ауылының негізгі орта мектебінің «Балбебек» шағын орталығы  
Топ: Ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың күрылу кезеңі: Қаңтар айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Дене тәрбиесі</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b> Қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); Аяқты бұту және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). Отрып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстаяу, таяқтың, білікшениң (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Тоқтап, жартылай отрып, бұрылып, заттарды айналып жүру Тепе-теңдікті сақтай отрып, арқан бойымен жүру Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. көлбеу модуль бойымен, туннельарқылы еңбектеу; Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарайжылжып секіру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша).</p> <p><b>Қимылды ойындар</b> Қимыл түрлерін өзгерте отрып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</b> Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін күрғатып сұртуды, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</b> Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p> <p><b>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.</b></p>

	<p>Дене белсенділігі (таңтереңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қымылды ойындар) мен үйқының пайдалы туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> Балаларды үй-жайда женіл киіммен жүргүре үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза аудада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (оиншиқтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізіп қолдануды үйрету.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды менгерту</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табигат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлерінежанашырылқ танытуға тәрбиелеу
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың жағдай жасау:өзінің алған әсері мен қалаудың білдіруге, сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпші түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел,айт).</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ойыншиқтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан.</b> «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.</p> <p><b>Шама.</b> салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар сөздерімен белгілеу</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстасу және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды пысықтау: алдында-артында</p> <p><b>Ұақытты бағдарлау.</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды бекіту: күндіз-түнде, таңтерең-кешке.</p>

<b>Құрастыру</b>	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылым бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажыратада білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алғынған дағдыларды: төсейу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.
<b>Сурет салу</b>	Бірнеше көлденең және тік сзықтардан тұратын заттарды бейнелеуді. бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылаш суға шайып алғып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлышпен сұртіп кептіруді үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін жасап (қызыл, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету.
<b>Мұсіндеу</b>	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мұсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Мұсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
